

"Ақмола облысы Ерейментау ауданы "Сілеті ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Ерейментау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № а-6/303 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № а-4/200 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 мамырда № 4798 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № а-4/152 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 20.04.2016 № а-4/152 (қол қойылған күнінен бастап күшінен енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының Үлгі ережесіне сәйкес Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы Ерейментау ауданы "Сілеті ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Ерейментау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № а-6/303 қаулысына (№ 4288 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2014 жылғы 13 қыркүйектегі "Ереймен", "Ерейментау" газеттерінде жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

осы ережемен бекітілген, Ақмола облысы Ерейментау ауданының "Сілеті ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Ережесінің 19 тармағының 5) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ауыл аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалауға құқылы".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің басшысы З.Б.

Жүсіповаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау ауданының әкімі

Е.Нұғыманов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК